апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

№ 08/600

22 февраля 2019 года

газета издается с 26.06.2004 года

*Ауған соғысының сызы*

# АУҒАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ МӘҢГІ ЕСТЕ

**Кеңес Одағының кезіндегі сексенінші жылдарды қамтып, тарих беттеріндегі қанды қырғындар қатарында тасқа басылып қалған үлкен соғыстың бірі – кеңес-ауған қақтығысының аяқталып, Ауғанстаннан әскерлер шығарылуының 30-жылдығына арналған «Ауған соғысының ардагерлері мәңгі есте» атты мерекелік бағдарламаға қала тұрғындары, кәсіпорындар, мекемелер, ұжымдар қызметкерлері, жастар өкілдері және ауған соғысының ардагерлері қатысты.**





Мерекелік бағдарламаны Әсет пен Гүлнұр жүргізді. «Біз бүгін Ауған соғысына қатысқан интернациолист-жауынгерлеріміздің даңқы мен мәртебесін асқақтатуға жиналып отырмыз. Бұдан 40 жыл бұрын ата-аналар, апа-қарындастар өздерінің өрімдей 18-20 жас шамасындағы ержүрек ұлдарын, аға-бауырларын ұзақ сапарға, Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге шығарып салған еді. Бірақ, дәл сол сәтте өз елдімекенінен алысқа ұзамаған баласының қай елге, қандай жерге баратынын білмеген. Қауіп пен қатер араласқан сұм соғыс Ауған даласынан Кеңес елдері сарбаздарын ойламаған



жерден бір-ақ шығарды. Біз бүгін, сол күндердегі міндетін абыроймен өтеп келген майдангерлер жөнінде сөз қозғамақпыз», - деп басталғанісшарада осы жылы, қаңтардың айының 12-жұлдызында сол соғыста «Қара майор» атанған Борис Керимбаев ағамыздың 71 жас – мерейлі тойы тойланып, арада тура бір ай өткен соң, бүгінгі 30 жылдық мерекеге небәрі 3-ақ күн қалғанда мәңгілік сапарға аттанғаны айтылып, ардагер әрі қаһарман жанды жиналғандар құрметпен, бір минуттік үнсіздікпен орындарынан тұрып еске алды.

1979-жылдың 15-наурызы күні Гератта 20 мың адамнан тұратын тұрғындардың үкіметке қарсы бүлігі бұрқ ете түсті. Осыған байланысты Ауғанстан Кеңес Үкіметінен көмек сұрады. Осылайша, Кеңес әскері Ауған жеріне соғысқа аттанады. Бірақ Отан алдындағы борышын адал атқаруға ант берген, сол кезде бұғанасы енді бекіген бозбалалар қаскөй саясаттың астарында не жатқанын түсінген де жоқ. Сұрапыл соғысқа аттанып бара жатқанымен, ешкім де бұл майданның 10 жылға созыларын білмеген



еді. Батылдық пен ерліктің ерен үлгісін көрсеткен қаһарман жерлестеріміз біздің ортамызда да бар. Осынау Қаһарман жерлестеріміз туралы қысқаша ақпараттың бейнеүзігі қатысушылар назарларына ұсынылды.

Қала әкімінің орынбасары Дастан Шұғайұлы Саденов жиналғандар алдында құттықтау сөз сөйледі және ауған соғысының ардагерлерін сахнаға шақырды. Олар осы күні өз арамызда және қоғамның әр саласында қызмет етіп жүрген Құдайберген Сүлейменұлы Шакиров, Әбдіқадір Жаңабайұлы Пазылов, Шашубай Серікұлы Шохметов, Полат Канатұлы Тұрлыбаев, Қалмұрза Құрбанбекұлы Сердалиев, Крупский Валерий Викторович және Бердібек Тауасқанұлы Акмұрзаевтар болатын. Ауған соғысының ардагерлеріне сый-сиапат ұсынылып, естелік суретке түсті. Сондай-ақ, салтанатты жиында Приозерск гарнизонының бастығы, 06708 әскери бөлімінің командирі полковник Есжан Оралбекұлы Батырбеков және 10-Сарышаған сынақ полигонының бастығы, полковник Коноваленков Евгений Владимирович ауған соғысында қаза тапқан қазақстандықтарды еске алып, бүгінгі ардагерлерге құттықтау сөздерін арнады.



Салтанатты жиын соңы «Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 30 жылдық мерейтойына» арналған концерттік бағдарламаға ұласты. Онда Шынболат Таюпов пен Нұрасыл Арыстанбеков шырқаған «Ауғанстан сарбаздары», Әсет Жолдасбаевтың орындауындағы «Молитва» әні, Талғат Карикеновтың «Синева» және театрланған көрініс көрермендерге ұсынылды. Бұдан әрі концерттік бағдарлама Елдос Қалжігітовтің «Біздің елдің жігіттері», Талғат Карикеновтің «Салам Багча», Жанат Мультенованың «Старый рояль», Бахытжан Сайырмановтың «Ауған ардагерлері», Әмірхан Айдағұлов пен Әділхан Қазбектердің «Алға, Қазақстан», Б.Сайырманов пен Ә.Жоласбаевтардың «Атамекен» секілді патриоттық әндерімен және қысқа мерзімдік әскери қызмет сарбаздарының дефилесімен жалғасын тапты.

**Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ.**

***Суретте: салтанатты жиыннан көріністер.***



*Ризашылық мерекесі*

# 1 НАУРЫЗ - АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ




Елімізде төртінші жыл қатарынан маңызды да ауқымды мереке – «Алғыс айту күні» аталып келеді. Көктемнің алғашқы күні, яғни 1 наурыз күні мерекелететін бұл күн – елжандылықтың, қазақстандық патриотизмнің және ымыра бірліктің көрінісі. Бұл – тағдыр тәлкегімен қуғынға ұшырап Қазақстанға қоныс аударған этностардың қазақ еліне ризашылығы мен бір – біріне деген риясыз құрметінің күні. Қиын – қыстау уақытта бір тілім нанымен бөлісіп, сүйеу болған қазағымыздың жерінде сол достық, сол келісім мен бейбітшілік сақталып келеді. Адамгершілік қарым-қатынастың үлгісіне айналған бұл айнықты мереке – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күнімен сәйкес мерекеленеді. Елімізде тұратын 130-дан астам этностар бұл айтулы күннің мән – маңызын өте жақсы біледі және құрметтейді.

Бұйырса санаулы күндерден кейін, республика бойынша, әр өңірде «Алғыс күні» дәстүрлі түрде аталып өтеді. Биылғы мерекенің негіздемелерінің бірі – «Өз тарихыңды ұмытпа және оны мақтан ет». Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында негізделген шара аясында қазақтың салт-дәстүрлері насихатталады. Ақ пейіл, адал көңіл, кең қолтықты қазағым сол бауырмалдылығынан танған емес. Бауырларымыз қиын-қыстау заманда қанатының астына алып, құшақ жайған еліне алғыс айтуда.

Ризашылық күні адамдар бір-біріне қуаныш, шаттық сыйлайды, өз жетістіктерімен бөліседі, бір-біріне алғысын айтады. Бойымызда, қолымызда бар нәрсеге алғыс айту – азатты елдің әр азаматының арқаланар парызы.

**П. С. Кенжебкова,**
***«Атамұра» қазақ халқының салт- дәстүрін, әдет-ғұрпын және мәдениетін дамыту жөніндегі Орталығының төрайымы***

*Дөңгелек үстел*

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРУ БАСТЫ НАЗАРДА

**Приозерск қалалық сотында «мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.**



Аталған іс шараға сот төрағасы Б.А.Әдепбеков, кеңсе меңгерушісі Д.А.Сатыбалдин, Приозерск қаласының ІІБ-нің өкілдері, Приозерск қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің маманы Ж.Т.Дулатова, Приозерск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының маманы Б.Нурмаганбетова қатысты.

Бас қосқан дөңгелек үстелге қатысушылар көптеген мәселелерді талқылап, бұл ретте қазіргі күн талабына орай мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруде нақты жоспарлар қабылданып, белгіленген шаралар да нақты іске асырылғандығы туралы айтылып, деректер келтірілді.

Сот төрағасы Б.А.Әдепбеков өз баяндамасында «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, тіл – халықтың жан дүниесі, рухани негізі мен ел еркіндігін, ұлттың ұлылығын танытатын басты күш екенін тілге тиек етті.

Жас мамандар қызмет орындарындағы тілге қатысты бірнеше мәселелердің басын ашып айтып, тілге деген құрметті әрбір адам өзінен бастаса, нұр үстіне-нұр дегенді жеткізді.

Бұл отырыста әңгімеге арқау болған тіл мәртебесі туралы тұщымды пікірлер айтылып, талай ұсыныстар талқыланды.

**Приозерск қалалық сотының баспасөз қызметі**

*Ғасыр дертімен күрес*

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті Приозерск қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы да заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуде. Оның нәтижесінде басқарма қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдырмауы болып табылады. Ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының жоғары болуы қадағаланып отырады.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Басқармада жемқорлықтың алдын алу мақсатында –Сенім телефоны (87103954113) жұмыс жасайды. Азаматтардың арыз өтініштеріне арналған жәшік орналасқан, сонымен қатар басшының белгіленген кесте бойынша аптасына екі рет азаматтардың жеке мәселелері бойынша қабылдау кестесі бекітілген. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша басқармада жеке және заңды тұлғалардан өтініш қабылдау, портал арқылы рұқсат құжаттарын беру жұмыстарына көп көңіл бөлінеді.

Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

**Приозерск қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы**

*Заңнамадағы өзгерістер*

# ЕҢ БАСТЫСЫ - АДАЛ ҚЫЗМЕТ ЕТУ

Мемлекет басшысының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты халыққа Жолдауында азаматтар сұранысына бейімделген мемлекеттік аппарат құру, мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін түбегейлі арттыру, көрсетілетін мемлекеттік қызметтер аясында мемлекеттік қызметшілердің тұрғындармен тікелей қарым-қатынасын азайту сияқты бірқатар талаптар қойылған болатын.



Осы мақсатта мемлекеттік қызметті өткеру тәртібін реттейтін кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер енгізіліп, жаңашылдықтар биылғы жылдан бастап күшіне енді.

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру аясында 2016 жылдан бастап елімізде мемлекеттік қызметке орналасу үшін үш сатылы іріктеу енгізілген болатын. Нәтижесінде, мемлекеттік қызметке қабылдау жүйесі айтарлықтай жақсарды.

Мемлекеттік қызметке орналасу үшін үміткерлер заңнаманы білуге арналған тестілеумен қатар, міндетті түрде жеке құзіреттерді бағалау бойынша тестілеуден өтуде. Заңнаманы білуге арналған тестілеудің шекті мәні белгіленген болса, бүгінгі күнге дейін жеке құзіреттерді бағалауға бағытталған тестілеудің шекті мәні болмаған.

Енгізілген өзгерістерге сәйкес, жеке құзіреттерді бағалауға бағытталған тестілеу үміткерлердің бойында қызмет атқару үшін қажет құзіреттер деңгейін анықтаумен қатар, үміткердің шынайылық деңгейін анықтауға бағытталған сұрақтарды да қамтып, тестілеу барысында үміткер қойылған сұрақтарға шынайы жауап бермей, кемінде 50% болып белгіленген шекті мәнді жинамаса, тестілеуден өтпеген болып есептеліп, конкурсқа қатысу мүмкіндігі болмайды. Ал, қайтадан осы тестілеуді тапсыруға үміткер бір айдан соң құқылы.

Заңнамалық актілерге енгізілген келесі өзгеріс ішкі конкурстарға қатысты болып отыр. Мемлекеттік қызметшілер ішкі конкурстарға қатысу барысында құжаттарын электронды түрде ұсынуы бекітілді. Аталған жаңашылдық қағазсыз құжат айналымды дамыту, тікелей қарым-қатынасты азайту мақсатында енгізіліп отыр. Яғни, ішкі конкурс арқылы іріктеуге қатысатын мемлекеттік қызметшілер бұрынғыдай құжаттарын мемлекеттік органға колма қол апармайды, «Е-қызмет», "E-gov" жүйелері арқылы құжаттарын жүктеп, немесе мемлекеттік органның электрондық адресіне жіберетін мүмкіндік алды.

Жалпы конкурс өткізу тәртібінде де өзгерістер бар. Енді, жалпы конкурстарға қатысатын азаматтарға құжат тапсыру барысында заңнаманы білу және жеке құзіреттерді бағалау қорытындысы бойынша берілетін қағаз жүзіндегі сертификат пен қорытындыны ұсынудың қажеттігі жоқ.

Азаматтардың тестілеуден өткендігі жөніндегі ақпарат «Е-қызмет» жүйесінде сақталатындықтан, конкурс өткізетін мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі «Е-қызмет» жүйесіне кіріп, қорытындыларды өздігімен тексере алады. Сол себепті, бір уақытта бірнеше конкурсқа қатысатын азаматтарға бұрынғыдай құжаттарын нотариалдық растау үшін шығындану қажет емес.

Бүгінгі таңда енгізіліп отырған осы өзгерістердің барлығы конкурстық үрдісті жеңілдету, мемлекеттік қызметшілердің тұрғындармен тікелей қарым-қатынасын азайту мақсатында енгізіліп отыр.

**Талант Медет,**
***Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары.***

*Коррупции – нет!*

# В КАЗАХСТАНЕ ВЕДЕТСЯ ЭФФЕКТИВНАЯ БОРЬБА С КОРРУПЦИЕЙ

**Одной из приоритетных задач построения демократического общества на сегодняшний день является борьба с коррупцией.**

Необходима разработка, постоянное применение и использование в средствах массовой информации индексов уровня коррумпированности, позволяющих сравнивать между собой регионы, отрасли, ведомства. Также, необходимо более эффективно использовать тесное сотрудничество государственных и правоохранительных органов со средствами массовой информации, повышение авторитета и роли правоохранительных органов через средства массовой информации, воспитание посредством широкой пропаганды чувства законопослушания граждан, нетерпимости к нарушителям законов, в том числе и к коррупционерам.

В рамках реализации комплексной программы борьбы с коррупцией в Республике Казахстан осуществляется постепенная децентрализация функций центральных государственных органов с поэтапной передачей части их функций в регионы и частный сектор, сокращается сфера монопольной деятельности, внедряется принцип "одного окна" при обслуживании населения. Обеспечены прозрачность и объективность процедур конкурсного отбора государственных служащих, соблюдение ограничений, связанных с их статусом, внедряются принципы приема и продвижения кадров, основанные на деловых качествах и профессионализме.

Законодательно закреплены нормы, запрещающие поступление на государственную службу лиц, ранее совершивших коррупционные преступления, внедрен институт ротации политических государственных служащих. Особую значимость приобретает завершение начатых по инициативе Главы государства административной и конституционной реформ. В рамках реализации Государственной программы формирования «электронного правительства» в Республике Казахстан на 2005-2007 годы созданы предпосылки для внедрения единой информационной системы, которая позволит сократить количество непосредственных контактов организаций и населения с государственными служащими. Планомерно и систематически в рамках специальной программы осуществляется работа по противодействию «теневой экономике». Коррупция препятствует развитию экономики и способствует росту организованной преступности, особенно в сфере экономики. Эффективная борьба с коррупцией возможна только при активном участии в ней самих граждан.




Актуальность борьбы с коррупцией заключается в том, что она должна носить комплексный характер. Необходимы консолидированные усилия не только государства, но и всего гражданского общества во всех регионах страны.

Результат будет, когда борьба с коррупцией, во-первых, станет постоянной и неослабевающей функцией государства, во-вторых — предметом неусыпного и бдительного контроля со стороны общества.

**Управления государственных доходов по г.Приозерск**

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

# ЛУЧШАЯ ГОСУДАРСТВЕННАЯ УСЛУГА

**Услуга «Выдача информации о состоянии пенсионных накоплений (с учетом инвестиционного дохода) вкладчика (получателя) Единого накопительного пенсионного фонда (ЕНПФ)» вошла в пятерку лучших по результатам общественного мониторинга государственных услуг, проведенного исследовательской компанией «САНДЖ» по заказу Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции.**

Общественный мониторинг качества оказания государственных услуг проводился с августа по октябрь 2018 года. В рамках исследования был проведен анкетный опрос 10 000 услугополучателей во всех регионах Казахстана по 60-ти государственным услугам.

В рамках мониторинга был выполнен анкетный опрос потребителей услуг, проведены глубинные интервью с потребителями и поставщиками услуг, наблюдения методом «Тайного покупателя», а также ряд фокус-групповых дискуссий.

Учитывалась доступность информации, соблюдение сроков предоставления услуг, отличное обслуживание (вежливость, компетентность, оперативность персонала), оформление документов без ошибок, комфортность условий.

По итогам исследования, оценка услуги выдачи информации о состоянии пенсионных накоплений вкладчикам (получателям) ЕНПФ показала высокие результаты по качеству и доступности информации, оперативности и компетентности:

80,4% респондентов довольны доступностью и открытостью информации по услуге, при этом, по мнению 82,9% респондентов, информация является ясной и достоверной, 88,3% опрошенных услугополучателей полностью удовлетворены сроками оказания услуг и 92,1% - сбором и подготовкой документов.

Высоко оценили компетентность сотрудников услугодателя 79,8% респондентов, вежливость сотрудников оказалась удовлетворительной для 80,7%, а оперативность отметили 81,3% респондентов.

80,4% опрошенных респондентов доверяют услугодателю.

Для более объективной оценки качества предоставляемой услуги был использован метод «Тайного покупателя». Методика тайного покупателя была применена в филиале ЕНПФ и одном из ЦОНов г. Астана. Тайный покупатель должен был оценить качество предоставляемой услуги по трем критериям: 1)поиск информации на сайте; 2) поиск информации на стендах; 3) звонок в call-центр.

Тайный покупатель высоко оценил сайт ЕПНФ **https://www.enpf.kz**, отметив удобный интерфейс, наличие номера call-центра, быстрый переход и наличие информации на казахском и русском языках. Высокие баллы были поставлены и качеству работы call-центра ЕНПФ, так как соединение с консультантом было достаточно быстрое и получены четкие и полные ответы на все заданные вопросы.

При посещении филиала ЕНПФ в г. Астана Тайный покупатель остался доволен обслуживанием персонала: *«Операционист ответил на все интересующие меня вопросы и даже предложил услугу рассылки информации о пенсионных начислениях на почту, также подсказала, что есть приложение ЕНПФ, помогла зарегистрироваться. Мобильное приложение ЕНПФ и Личный кабинет на сайте ЕНПФ очень удобные, имеется возможность отслеживать пенсионные начисления».*

Основные результаты данного исследования показали удовлетворенность населения качеством оказания услуг АО «ЕНПФ, а для Фонда стали мотивацией для дальнейшего повышения уровня обслуживания.

**Полный отчет о результатах мониторинга** вы сможете посмотреть на сайте Националь-ного Банка Республики Казахстан: **https://nationalbank.kz/?docid=3539&switch=russian**

**Пресс-центр АО «ЕНПФ»**

*Новое в законодательстве*

# ВСТУПИЛ В СИЛУ ЗАКОН ПО УСИЛЕНИЮ ЗАЩИТЫ ПРАВА СОБСТВЕННОСТИ И СНИЖЕНИЮ СУДЕБНОЙ НАГРУЗКИ

**03 февраля 2019 года вступил в силу Закон по усилению защиты права собственности и снижению судебной нагрузки, который был подписан Главой государства 21 января 2019 года. В рамках Закона внесены поправки в 42 законодательных акта, в том числе 11 кодексов.**



Нововведения закона – удобны и выгодны для населения. Появляются новые правовые инструменты разрешения спорных ситуаций. Исключается необходимость обращения в суд, что всегда связано с потерей времени, денежными затратами, риском испортить сложившиеся между сторонами взаимоотношения.

В целях оптимизации судебной нагрузки законом вводится ряд норм, по которым дела, не содержащие споры, выводятся из судов и передаются нотариату. Предприятия, обеспечивающие население электроэнергией, теплом, связью, водой и иные коммунальные службы должны производить взыскание задолженности за потребленные услуги на основании исполнительной надписи.

Кроме того с 24 апреля 2019 года, 3 месяца с момента опубликования Закона, судебные исполнители будут обращаться в прокуратуру о получении санкции; - об аресте денежных средств и имуществе на банковских счетах, - об истребовании информации о наличии счетов и денежных средств на них, - изъятие правоустанавливающих документов, - изъятие недвижимого имущества находящих у 3-х лиц.

При этом в случае спорной ситуации по исполнительной надписи или санкциям судебного исполнителя у лица всегда есть возможность обратиться в суд за защитой своих интересов.

На ряду, с этим 10 категорий гражданских дел, вытекающих из бесспорных документов, таких как об исполнении медиативных соглашений и другие, будут рассматриваться в суде в упрощенной процессуальной форме, где срок рассмотрения и вынесения решений ограничивается тремя днями.

Также, в Уголовный кодекс РК внесены поправки об ужесточении ответственности за рецидив краж. Поводом стала борьба со скотокрадами, которые угоняют табуны, потом примиряются с потерпевшими и снова идут "на дело". Сыграла роль и кража мобильных телефонов.

Новый закон перенёс кражу, совершённую неоднократно, из категории средней тяжести в категорию тяжких преступлений. Теперь рецидивист не сможет рассчитывать на примирение сторон. За повторное воровство будут наказывать ограничением свободы от двух до семи лет либо лишением свободы на тот же срок с конфискацией имущества.

Для сравнения: раньше за неоднократную кражу приговаривали к штрафу, ограничению свободы до пяти лет либо лишению свободы на тот же срок с конфискацией имущества.

Вышеуказанные изменения и дополнения в некоторые Законодательства направлены на защиту конституционных прав граждан и снижению судебной нагрузки.

**Б.А.Адепбеков,**
**Председатель Приозерского городского суда**

*Қала тұрғындарының назарына*

# БІРЫҢҒАЙ ЖИЫНТЫҚ ТӨЛЕМНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

**Бірыңғай жиынтық төлем режимі формалды емес жұмыспен қамтылғандарға жеке кәсіпкер ретінде тіркелмей-ақ кәсібін жүргізуге мүмкіндік береді.**

БЖТ табыс табу үшін формалды емес кәсібін жүргізіп отырған жеке тұлғаларға, жалдамалы жұмыс күшін пайдаланбай дара айналысатын, қызмет көрсететін басқа жеке тұлғаларға, қосалқы шаруашылығын жүргізіп отырғандарға , үй жұмыскерлеріне арналған.

**БЖТ төлеушілерге мынандай мүмкіндіктер жасалған:**

**Бірінші:** міндетті медициналық сақтандыру аясында барлық медициналық қызмет түрлеріне қол жеткізе алады. Медициналық ұйымды таңдау құқы болады.

**Екінші:** Зейнетақы жүйесінде еңбек өтілин жинап, базалық және жинақталған компоненттер есебінен үлкен көлемде зейнетақы алатын болады.Бұл орайда БЖТ төлеушілердің базалық зейнетақы көлемі еңбек өтіліне қарай есептеледі.

**Үшінші:** Еңбекке жарамсыз болып қалған жағдайда, асыраушысынан айырылған жағдайда, жүктілік және бала туғанда, бала асырап алғанда немесе 1 жасқа дейін бала күтімінде отырғандарға Әлеуметтік сақтандыру қорынан сақтандыру төлемдерін алуға мүмкіндік туады.

**Тағы бір артықшылығы,** өзінің кіріс көзін көрсете алудың арқасында азаматтардың несие төлеу мүмкіндігі артады. Ягни енді сіз жүйелі жарна төлей отырып, ресми түрде банктен несие ала аласыз.

БЖТ төлеу өз еркімен, қалауымен жүзеге асырылады. Бұл жүйеге қатысу, қатыспау құқығы азаматтың өз шешіміне байланысты болады. Бұл орайда бірыңғай жиынтық төлемді төлемегені үшін қандай да бір жауапкершілікке тарту шарасы қарастырылмаған.

БЖТ-ң (Бірыңғай жинақтаушы төлемінің) мөлшері қала тұрғындары үшін- 1 АЕК (2525 теңге), ауыл тұрғындары үшін – 0,5 АЕК құрайды(тұрғылықты жерінде тіркелуіне сәйкес).

БТЖ төлеуші салықтық органдарына есеп бермейді.

БТЖ үлесі мынандай:

-10% - жеке табыс салығы;

-20 % - әлеуметтік сақтандыру мемлекеттік қорына әлеуметтік аударымдар;

-30 % - Бірыңғайжинақтаушы зейнетақы қорына зейнетақы жарнасы

-40 % - міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру қорына аударымдар;




*Сведению населения города*

# ЧТО ЖЕ ДАЕТ ЕСП ЛЮДЯМ?

**Единый совокупный платеж (ЕСП)** – это режим, предоставляющий возможность неформально занятым лицам осуществлять предпринимательскую деятельность без регистрации в качестве индивидуального предпринимателя.

ЕСП будет распространяться на **физических лиц**, осуществляющих неформальную деятельность с целью получения заработка и (или) извлечения доходов, которые не использует труд наемных работников, выполняют работы, оказывают услуги физическим лицам, реализует сельскохозяйственную продукцию, полученную от эксплуатации личного подсобного хозяйства для потребления физическим лицам.

**Уплата ЕСП дает следующие возможности:**

**Первое:** участвовать в системе обязательного социального медицинского страхования и получить доступ к медицинским услугам, с правом выбора медицинского учреждения после введения ОСМС.

**Второе:** участвовать в накопительной пенсионной системе и получение базовой пенсионной выплаты в зависимости от стажа участия в системе. Кроме пополнения своих пенсионных накоплений в Едином накопительном пенсионном фонде, для плательщиков ЕСП появится возможность получать базовую пенсию в повышенном размере в связи с тем, что будет фиксироваться трудовой стаж.

**Третье:** получить социальные выплаты в случаях утраты трудоспособности, потери работы, потери кормильца, беременности и родов, усыновления или удочерения ребенка, ухода за ребенком.

Еще из плюсов выплат, имеется тот факт, что за счет подтверждения своего дохода, повышается потенциальная кредитоспособность граждан. То есть теперь вы официально можете получить кредит в банке, подтвердив свою платежеспособность регулярными взносами.

***Уплата ЕСП производится на добровольной основе по собственному желанию. Право участвовать в системе остается за физическим лицом, к нему не будут применяться какие-либо меры по привлечению к ответственности за неуплату единого совокупного платежа.***

ЕСП планируется исчислять из размера месячного расчетного показателя, для жителей городов - **1-кратный размер МРП (2525 тенге) и 0,5-кратный размер МРП для сельских жителей** (согласно регистрации по месту жительства).

Плательщики ЕСП не предоставляют налоговой отчетности.

ЕСП будет состоять из следующих долей:

-10% на индивидуальный подоходный налог;

-30% пенсионный взнос в ЕНПФ;

-40% отчисления в ФОМС;

-20 % социальное отчисление в ГФСС.



*Жат ағымдардан сақтанайық!*

# ЭКСТРЕМИСТТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ИДЕОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ТЕОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМ ЕРЕКШЕЛІГІ

*(соңы, басы №5/599 нөмірде)*

**Экстремисттік ұйымдардың ұстанған бағыты мен негізгі идеологиясы**

Мемлекетіміздің қазіргі конституциялық құрылымын өзгертіп, оның тұтастығын бұзуға негізделген, бүкіл әлемде мұсылмандардан тұратын біртұтас «Халифат» мемлекетін құру қажеттігіне үйрететін, Қазақстан Республикасының әділет органдарына тіркелмеген және еліміздің сот органдарымен діни экстремистік партия деп танылған, Қазақстан Республикасы аумағында қызметіне тыйым салынған «Хизб-ут-Тахрир», «Орталық Азиядағы моджахедтер жамағаты», «Боз гурд» және тағы басқа да көптеген діни экстремистік партиялар таралуда.

Осыған байланысты «Хизб-ут-Тахрир» діни экстремистік партиясының заңыз ілімдеріне, соның ішінде басты мақсаттары ретінде еліміздегі қазіргі коституциялық құрылымды өзгертіп, бүкіл әлемде біркелкі мұсылмандардан тұратын «Халифат» біртұтас мемлекетін құру қажеттігіне үйреткен. Ол ұйым мүшелерінен әрдайым қатарларын көбейту мақсатында діни экстремистік партияға жаңа мүшелер тартуды талап етеді.

Сондай-ақ ұйым мүшелері бір рет айдың қорытындысы бойынша жазбаша түрде есеп тапсырады екен. Ол есепті 10 пунктен тұратын қағида бойынша қабылдаған:

1.«Зиярат» – белгілі бір адамға арнайы жағдайын сұрау мақсатымен үйіне бару;

2.«Дағуат» – адамдарға ислам турасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу;

3.«Сұхбат» – адамдарға ислам турасында ілім беру;

4.«Таборуот» – жағдайға байланысты ақша беру, бұл ақшалар ұйым мүддесіне жұмсалады.

5.«Илтизамот» – кедей мұсылмандарға көмек көрсету үшін ақша жинау;

6.«Проблема» – ұйым мүшелерінің жеке проблемалары қозғалып, оларды шешу жолдары талқыланады;

7.«Кітап оқима» – ұйымның әр мүшесі өзінің «Хизб-ут-Тахрир» діни экстремистік партиясы ұйымына қатысты оқыған кітаптары жайлы бөліседі;

8.«Халка» – әр топ басқарушыларынан «хизбиден» өз тобына неше адам тартқандығы және оларға сабақ қалай жүргізіліп жатқандығы сұралады.

9.«Саяси сахна» – дүниедегі саяси өзгерістер талқыланады;

10.«Махр» – отбасылы ұйым мүшелерінен олардың отбасындағы проблемалар жөнінде айтылады.

Экстремисттік ұйымдардың мақсаты, оның ұстанған бағыты мен саяси мүддесінде жатыр. Діни экстремисттік топтардың ақырғы, яғни жүзеге асырмақшы мақсаттары діни сенім мен дін қағидаларына негізделген.

Келесі экстремисттік бағыттағы деп табылған «Мұсылман бауырлар» трансұлттық, діни-саяси, террористік ұйым. 1928 жылы Мысырда Хасан әл-Банна тарапынан құрылды. 1950 жылдары Сейіт әл-Кутб жүргізген өзгерістерден кейін, ұйым радикалды сипатқа ие болды. «Мұсылман бауырлар» ұйымының негізгі мақсаты - қоғамды мұсылмандыру, мұсылман емес өкіметтік құрылымдарды жойып, дүние жүзінде ислам діні негіздеріндегі халифаттық режимдегі мемлекет орнату. Ұйым ұраны: Аллах-идеал, Пайғамбар - көсем, Жихад – мақсатқа жету құралы.

Ұйымның құрылымдық буындары әлемнің әр мемлекетерінде әрекет етеді. Аталмыш лаңкестік құрылым эмисссарлары қызметінің іздері Қазақстанда байқалды.

«Боз гурд» немесе «Сұр қасқыр» ұйымы атауымен белгілі. Бұл ұйым әскериленділген ұлтшыл топтың бірі болып табылады. Негізгі мақсаты Тұран ойпатында түркі халықтарының бірыңғай мемлекетін құру.

90 жылдардың басында «Боз гурд» ұйымы қызметінің ауқымы кеңейді. Бірегей түрік мемлекетін құру идеясынан Қазақстан да тыс қалған жоқ. Ұйым мүшелері тарапынан елімізге келіп, жасырын жиналыстар ұйымдастыру фактілері тіркелген.

«Орталық Азиядағы моджахедтер жамағаты» басқаша атауы – «Исламдық жихад тобы». Халықаралық лаңкестік Аль-Каида ұйымына қосылған «Өзбекстандағы ислам қозғалысының» жауынгерлерінен құралған. «Жамағаттың» мақсаты - Өзбекстан аумағында лаңкестік акцияларды ұйымдастыру арқылы конститутциялық елді қатардан шығару болып табылады.

2004 жылы ҰҚК-нің күшімен Қазақстан аумағында «Орталық Азиядағы Жамаат моджахедтер» құрылымы болып табылатын террористік ұйым жойылды. Нәтижесінде, оның жетекшісі және осы «ұяда» тәрбиеленген 14 жауынгер тұтқындалды.

«Әлеуметтік реформалар қоғамы» жәрдем беруге арналған мәртебесі бар үкіметтік емес ұйым, штаб-пәтері Кувейт қаласында орналасқан. Әлеуметтік бағдарламаны бүркене отырып, «Мұсылман бауырлар» лаңкестік ұйымының алдына қойған мақсатын жүзеге асыруға көмек көрсетеді және мұсылман емес үкіметті ислам қағидаларының жолыменен дүниежүзілік көлемде, ТМД елдерінде ислам халифатын орнатуды көздейді. Қазақстанда «Әлеуметтік реформалар қоғамының» өкілдігі 1998 жылдан еліміздің оңтүстік аймақтарында көмек беруге арналған және ағартушылық қызметін бастады. Қолданған шаралар нәтижесінде, ел аумағында аталмыш ұйымның қызметі 2004 жылы тоқтатылды.

Қорыта айтқанда идеологиялық жоспарда экстремизм:

барлық өзге бір ойларды терістеу, жек көру, тіпті оған қысымшылық жасау;

өздерінің саяси және діни көзқарастар жүйесін қатаң және баламасыз түрде тұжырымдау;

көшбасшысының бұйрықтарын орындау мен оған бағынуды қалыптастыру және оны табынуға айналдыру;

ұйымдасқан құрамдағы діни экстремизм туралы мынаны айтуға болады;

құрылған ұйымның жасырын/астыртын сипаты;

террор мен агрессияшыл әрекеттерге дейін алып баратын ымырашыл/төзімдіктің болмауы;

сол мемлекет насихаттайтын құрылым мен қызмет етіп отырған мемлекетке өзін қарсы қоюға тырысу болып есептеледі.

**Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі діни экстремизмге қарсы**

2003 жылғы 23-24 қыркүйекте Астанада өтіп, дінаралық үн қатысудың маңызды бастамасына әлемнің танымал діни лидерлерін тартқан бірінші Съездің бастамасы мыналарды қамтыды:

Әлемдік өркениеттердің өзекті негіздерін білдіретін әлемдік мәдениеттердің, діндердің және этностық топтардың өзара ықпалдастығына үлес қосуға тілек білдіріп, мәдени және діни айырмашылықтар негізіндегі жанжалдарға жол бермеуге ұмтыла отырып;

дін адам өмірі мен қоғамының аса маңызды қыры ретінде жаңа мыңжылдық басында жасампаздық пен бейбітшілікті сақтауда, сапалық жаңа рөлге ие болғанын негізге ала отырып;

діни лидердің қазіргі және болашақ ұрпақтардың рухани тәрбиесі мен тәлімі үшін қор жаупкершілігін, олардың өзара құрмет рухын орнықтырудағы, осы заманға жаңа жинақтардың алдында басқаларды түсіну мен қабылдаудағы маңызды рөлін түсіне отырып;

Әрбір дін мен мәдениеттің бірегей сипатын қуаттап, мәдени және діни әрқилылықты адамдар қоғамының маңызды белгісі ретінде қарастыра отырып;

бейкүнә құрбандықтарға соқтыратын күш қолдануды ақтау үшін пайдаланылатын діни және ұлттық айырмашылықтарды саудаға салушылықты туындатқан, әлемдегі дінаралық және ұлтаралық шиеленістің өсуіне алаңдаушылық білдіре отырып;

дінді шынайы түсінушіліктің және күш қолдануды жоққа шығарып басқа халықтарды және басқа діндерді ұстанушыларды құрметтеуге және бейбіт қатар өмірсүруге шақыратын барлық діндерді танымдық экспертизиммен және фанатизммен ешқандай қатысы жоқ екенін атап көрсете отырып;

дінаралық және мәдениетаралық қатынастардағы қиындықтарды халықаралық саясаттағы, экономикадағы, әлеуметтік, гуманитарлық және ақпараттық ортадағы тепетеңдіктің елеулі бұзылуы, сондай-ақ дінді саяси мақсаттарда пайдалану туындатады деп санай отырып;

жоғарыда аталған проблемалар бойынша Съездің «Дін, қоғам және халықаралық қауіпсіздік» атты негізгі тақырыбы аясында:

1)«Діни наным еркіндігі және басқа діндердегі ұстанушыларды құрметтеу»;

2)«Діни лидерлердің халықаралық қауіпсіздікті нығайтудағы рөлі» проблемалар каралды.

Осындай үндеулер айтылды:

бүкіл діндерде адамзаттың аман-саулығын, қадір-қасиеті мен бірлігін уағыздай отырып, лаңгесшілдіктің барлық себептерін жою жолында бірлесе еңбектенуге шақырамыз;

бір дінді ұстанушыларды екіншісіне айналдыруға бағытталған қандай да бір қысым көрсету мен күшейту әрекеттерін өзіміздің қабылдамайтынымыз туралы мәлімдейміз;

өзара түсіністікке, ынтымақтастық пен әлеуметтік үйлесімге қол жеткізу ісіндегі білім берудің жастар саясаты мен ортақ мәдениетке тәрбиелеудің өзекті рөлін қуаттаймыз;

Біз, сондай-ақ, халықаралық қоғамдастыққа, халықаралық және өңірлік ұйымдарға, бүкіл әлемдегі мемлекеттер мен үкіметтерге мынадай мәселелермен қайрыламыз:

өркениеттер үнқатысуының үдерісіне белсенді қолдау білдіріп, тұрақты түрде бейбітшілік мәдениетін нығайтуға, оның қағидаларын халықаралық саясаттың және барлық адамдар өмірінің берік негізі ретінде орнықтыруға бағытталған күш-жігерін қолдану;

әділ дүниенің орнауы, халықаралық құқық пен заңдылықтың нығаюына, БҰҰ кадырлары мен халықаралық шарттардың орындалуына, сондай-ақ бүкіл әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздіктің орнауы үшін тиімді шараларды әзірлеуге жәрдемдесу;

жаппай қырып-жою қаруын әзірлеуден өндіру мен ие болудан толық бас тартып, жаппай қырып-жою қаруының таралмау режимін нығайтуға жәрдемдесу;

діни киелі нәрселер мен нышандарды құрметтеу және қорғау, сондай-ақ бұл үшін тиісті шаралар қолдану.

Жоғары айтылғандарды негізге ала отырып, біз әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері былай деп шештік:

бірлескен кездесулер, семинарлар өткізу БАҚ-та материалдар жариялау, Интернетт және басқа құралдарды пайдалану жолымен дінаралық қатынастарды оң қабылдау мен көрсетуді ынталандыру бойынша бірлескен нақты шаралар қабылдау керек;

жастар арасында дінаралық төзімділіктің таралуына және оның жалпыадамзаттық құндылықтары серпінді қабылдануына жағдай жасау;

